

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау

Ал, бұл орайда шартты түрде бас бостандығынан айырылған азаматтарға әлеуметтік – құқықтық қызмет көрсету маңызды болса керек

Еліміздегі қылмыстық-атқару саясаты тұжырымдамасының негізгі бағыттарының бірі – істі болған жандарды бас бостандығынан айырмай жазаға тарту. Яғни, пробация осы бағытқа дәл келеді. Пробация қызметінің қылмыстық-құқықтық ықпал жасау шарасы ретінде қалыптасуы қалай, ендігі әңгімені осы төңіректе өрбітсек.

«Пробация» термині (латынша probatio – сынақ) көбіне бостандықтан шартты түрде айыру немесе шығарылған үкімді кейінге қалдыру, сонымен қатар бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға баламалы жазаларды орындаумен байланысты институт ретінде ғана қолданылады. Пробацияның мәні арнайы органдар тарапынан сотталғанның тәртібі мен іс-әрекетін мәжбүрлі түрде қадағалау және сотпен тағайындалған міндеттерді орындау, тәртібін түзету, әлеуметтік бейімделуге көмек беру және олардың жаңа қылмыстар жасамас үшін алдын алу шараларын жүргізу болып табылады.

Пробация қызметінің еліміздегі қылмыстық-атқару жүйесіне енгізілгеніне көп бола қойған жоқ. Қазақстанда пробация қызметі бір жыл бұрын бекітіліп, Елбасымыздың бұйрығымен заң қабылданған болатын. Алайда әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылатын бұл қызмет шетелдерде бірнеше бағыттан тұратын үлкен жүйеге айналған. Жалпылай айтсақ, бұл қызметтің мақсаты – шартты түрде бас бостандығынан айырылған азаматтарға әлеуметтік-құқықтық қызмет көрсету. Еліміздегі қылмыстық саясат тұжырымдамасының негізгі бағыттарының бірі – істі болған жандарды бас бостандығынан айырмай жазаға тарту болса, пробация осы бағытқа дәл келеді. Жалпы, пробация сөзі, қазақшаға аударғанда «сынау, байқау» дегенді білдіреді екен. Яғни сынаудың негізі – адамның қылмыс жасағанына қарамастан, оның түрмеге отырмауына мүмкіндік беру. Ол үшін қылмысқа барған адам сот міндеттеген шарттардың бәрін орындауы керек. Осылайша, байқаусызда сүрінген жандар болса, оларды түрмеге тықпай, қоғамға бейімделуіне мүмкіндік беру. Мысалы, шартты түрде сотталғандар сынақ мерзімінде жүреді. Ал сынақ мерзімін беру – пробацияның негізгі белгісі болып табылады. Олар айына 2 рет пробация қызметіне келіп, тіркеліп тұруға міндетті. Сондай-ақ қала аумағынан шықса немесе тұрғылықты мекенжайын ауыстырса, пробациялық қызмет өкілдеріне міндетті түрде хабарлауы қажет. Пробация қызметкерлері шартты түрде бас бостандығынан айырылғандардың сот міндеттемелерінің орындалуын қатаң қадағалаумен қатар, әлеуметтік-құқықтық қызмет көрсетеді. Оның негізгі бағыттары шартты түрде бас бостандығынан айырылғандарға білім алып, кәсіп меңгеріп, жұмысқа орналасуына ықпал жасап, ауырып қалса, дәрігерлік көмек көрсетуді

қамтамасыз ету болып табылады. Әлеуметтік-құқықтық көмек әрқайсысының қажеттілігіне байланысты көрсетіледі. Пробациялық қызметке жергілікті атқарушы органдар, үкіметтік емес ұйымдар жәрдемдеседі.

Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметіне бақылауға алынған шартты сотталғандарды есепке алу кезінде, Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 182-бабының 6-тармағына сәйкес шартты түрде сотталғандарға құқықтық-әлеуметтік көмек көрсетудің көлемін анықтау үшін, сотталғанның жеке тұлғасын зерделеп, денсаулығының жай-күйін, білім деңгейін, жұмыспен қамтылғанын, тұрғылықты жері болуын, сондай-ақ басқа да қажетті мәліметтерді жинайды. Құқықтық-әлеуметтік көмек көрсетудің тәртібін түсіндіреді, пробациялық бақылауға алып-шығарылуын, қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметіне келетін күндерді белгілейді. Сотталғанға сот белгілеген міндеттерді түсіндіреді, пробация бақылауының ережелерін орындаудан жалтарған жағдайда жауапқа тартады. Жеке тұлғаның өмірлік жағдайын зерделеп, қорытындысы бойынша шартты сотталғанға қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі құқықтық-әлеуметтік жеке көмек көрсету бағдарламасын құрастырады. Шартты сотталғандарға көмек жасаудың негізгі бағыты – білім алуға жәрдемдесу, мамандық алу, жұмысқа орналастыру, емдеу және құқықтық көмек көрсету. Қазіргі таңда басымдықты міндеттердің бірі ретінде бас бостандығынан айырумен байланыссыз жазаға кесілген адамдардың арасында рецидив қылмыстардың деңгейін төмендету болып отыр. Бұл үшін шетелдердің тәжірибесімен пробация қызметін құру бағытында қадамдар жасалып жатыр.

Сонымен қатар шартты түрде сотталған адамның жеке басын және тіршілік жағдайын зерделеу нәтижесі бойынша қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасын жасайды. Жеке әзірленген бағдарламаға сәйкес шартты түрде сотталған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуді жүзеге асыру кезінде қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметіне жергілікті атқарушы органдар, үкіметтік емес және өзге де ұйымдар жәрдем береді.

Пробация қызметінің мақсаты біріншіден, бас бостандығынан айыру түріндегі жаза сотталғандар үшін ауыр жаза болып табылады және ол сотталып шыққаннан кейін әлеуметке қайта бейімделуі, қоғамға оралуы қиынға соғады: адам оқшаулану барысында қоғамдық пайдалы байланыстарын жоғалтып, әлеуметтік дағдыларынан айырылады, бас бостандығынан айыру орындарында криминалдық субмәдениетке үйір болады, ал ол кезегінде тұлғаның қайта әлеуметтенуіне кері әсерін тигізеді. Екіншіден, жазаны қоғамнан оқшауланбай, білікті мамандардың, қызметкерлердің бақылауында өткеру оларға бас бостандығынан айыру орындарының психологиялық және басқалай әсерлерінен айналып кетулеріне мүмкіндіктері бар, өйткені баламалы жазаларды қолданғанда олардың әлеуметтік қарым-қатынастары сақталып, әлеуметтік ортаның ықпалымен және пробация қызметінің қызметкерлерінің белсенді көмегімен барлық байланыстары сақталып, дамып отырады. Үшіншіден, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың экономикалық тұрғыда да жақсы жақтары бар, оларды қолдану бас

бостандығынан айыру орындарының толығынан босатады, мемлекеттің қаржысын мемлекет пен қоғамға қауіп туғызбайтын және көмекке зәру басқа азаматтарға жұмсауына мүмкіндік туғызады.

Соңғы кезде қоғамымызда белең алып жатқан демократиялық бағыттағы үдерістер мен өзгерістер еліміздің заңнамасы да соған сәйкес болуын қажет етеді. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы тамыздың 24-інде қабылданған 2010-2020 жылдарға дейінгі мемлекетіміздің құқықтық саясат тұжырымдамасы құқық көкжиегіндегі жаңа басымдықтарды айқындап берді. Мәселен, қылмыстық-атқару құқығын жетілдіру саласындағы заң сапасын жанарту мәселелері осымен тікелей астасып жатыр. Қылмыстық-атқару құқығының басты даму бағыты – қылмысы үшін жазалауды жүзеге асырғанда, қоғамға қауіптілігі кішігірім қылмыстарды жасағанына бас бостандығына шектеу салынғандарға (кәмелетке толмағандарға, абайсызда қылмыс жасағандарға, қылмысын жеңілдетер мән-жайлары болған адамдарға, т.б.) қылмыстық жазасын өтеу кезінде электрондық кісен-білезіктері салынады. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 393-IV Заңына сәйкес, қылмыс саласындағы заңнаманы ізгілендіру мақсатында ізге түсу электрондық құралдарды қолдану елімізде 2012 жылдың 1 маусымынан бастап күшіне енді. Тіпті, бас бостандығынан айрылғандардың кей бөлігі өздері электрондық білезік тағуға ниетті болатын болса, колония аумағынан шығып тұруына рұқсат етіледі. Қылмыстық атқару жүйесін ізгілендірудің бір ұшы осыдан көрінеді. Осылайша, бір жағынан сотталғандар үнемі бақылауда болып, қоғамға қауіп тудырмаса, екінші жағынан қылмыстық ортаның ықпалына түсу жолына тосқауыл қойылады. Бұл шараның әр сотталушыға жұмсалатын түрме қаражатын үнемдейтін жағы да жоқ емес. Қолға не аяққа салынған электрондық кісендер адамның қай жерде тұрғанын көрсетіп, ақпаратты құқық қорғау органдары серверіне жіберіп тұрады. Электрондық ізге түсу құралдарын қолдану ісі қылмыстық-атқару жүйесінің инспекторларының, аумағында басқа да көптеген тексерулер өткізіп тұратын жұмысы қалың учаскелік инспекторларының қызметін әлдеқайда жеңілдетеді. Өркениетті елдерде жүзеге асып жатқан шараларға, әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, жазаларды орындау сапасын жетілдірудің бірден-бір жолы – сотталушыларға бақылау жасайтын электрондық құрылғыларды енгізу. Жасыратыны жоқ, жыл сайын түрмеге тоғытылғандардың саны артып-ақ келеді. Бұдан көретініміз, еліміздің еңбекпен түзету не тергеу мекемелерінде қамауға алынғандардың дені – жұмысқа толықтай қабілетті кішігірім не орта ауырлықтағы қылмыс жасағандар болып шығады. Ендеше бас бостандығынан айыру орындарында тоғытылғандардың санын кеміту, бөлінер қаражатты үнемдеу мемлекеттік міндеттердің бірі болып отыр. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 маусымдағы №775 қаулысымен «Қазақстан Республикасында қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың 2012-2015 жылдарға арналған бағдарламасында»: «Бас бостандығын шектеудің балама жаза түрін

қолдану саласын кеңейту, бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандардың санын төмендету, сотталғандардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыру мемлекеттің қылмыстық-атқару саясатының басты бағыты болып қалуда... Шартты сотталғандарға арналған электрондық бақылау құралдары енгізіледі, ол олардың жүріс-тұрысын бақылауды жақсартады және олардың арасында қылмыстың қайталануын азайтуға мүмкіндік береді» делінген.

Мемлекеттік пробация қызметі – бұл өздеріне тағайындалған жазаны бас бостандығынан айыру орындарында емес, қоғамда өткеріп жатқан (шартты соттау, түзеу жұмыстары) адамдармен жұмыс жасай отырып, қоғамдық қауіпсіздігіне қамқорлық жасайтын, сонымен қатар бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан тұлғаларға әлеуметтік көмек көрсететін, қоғамға бейімдейтын мемлекеттік мекеме болып табылады, сонымен қатар басқа да құқық қорғау органдарының жұмысын әлдеқайда жеңілдетеді деген сенімдеміз.

Айна Нұрсаитова
ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы
магистратурасының оқытушы-әдіскері
полиция подполковнигі